ӘОЖ 371.4

**Бюжеева Б.З., Әліпбаев А.Р. ***

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: aman19@mail.ru

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ОРТАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бүгінгі күрделі заманда студенттік орта қалай тәрбиеленуде деген сұрақ қоғамды мазаландыратын маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені жастар уақыт талабын қажетті деңгейде толыққанды сезініп қабылдай қоймайды, оның басты себебі олар өмірге толық бейімделінбеген. Оның сыры ата-ананың қамқорлығынан шыға алмауы, соның нәтижесінде жауапкершілік пен өзіндік дербестігінің шектеліп қалуында десе болады.

Олай болса, жоғары оқу орындарында студентті тәрбиелеу білім беру мақсатына жетудегі арнайы ұйымдастырылған қызмет іспеттес. Өйткені, жеке тұлға – объективті және субъективті, табиғи және қоғамдық, ішкі және сыртқы, адамның еркіне тәуелді және тәуелді емес көптеген себептердің нәтижесінде қалыптасады және дамиды.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеттері тұжырымдалынған:

– ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

– жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

– азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

– белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

– білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру [1, 11 бап]. Бұл мәселе Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында